

«KELESHEКKE KEMEL BІLІMMEN»

ЖУЫРДА ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫППЕН ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ» ӨТТІ. ҰСТАЗДАРДЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ҮЛКЕН ЖИЙНДА БИЫЛҒЫ 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ШАРАЛАРМЕН МЕН НАҚТЫ ЖОСПАРЛАР САРАПТАЛДЫ.

Сапалы білім болса, еліміз қарқынды дамып ғана қоймай, кейінгі буын келешекке кемел біліммен қаруланып, жаһандану дәуірінде тұғырлы биіктіктерді бағындырары сөзсіз шындық. Сондықтан «Тамыз конференциясында» Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа оқу жылына енгізілген өзгерістердің оңды шешім тауып тұрғандығы да талқыланып, келешекке кемел біліммен қадам басу басты міндет екендігі айтылды. Сонымен бірге алдағы төрт жылдықта ұстаздар қауымының жалақысын екі есеге көбейту керектігі және үштілді жүйеге көшу бойынша



ағылшын тілін оқытуды 5 кластан бастап оқылатындығы нақты айтылды. Биылғы оқу жылындағы оңды өзгерістердің бірі Ахмет Байтұрсынұвтың өліпке үлгісі оралып, «Өліппе» қайтарылатыны мәлімделді. Сонымен бірге алдағы жылдары мектеп түлектері Ұлттық бірыңғай тестілеуді электронды форматта тапсыруы мүмкін. Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов білім саласында өткен жылы атқарылған жұмыстар мен нәтижелі көрсеткіштер бойынша баяндама жасады. Келесі сөз кезегінде аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша ұстаздар қауымын жаңа оқу жылымен құттықтап, «Мәңгілік елдің» өрлеу сатысында оқушыларды өрпін бойынша сапалы білім нәрімен сусындатуға шақырса, облыстық

білім басқармасының бас маманы Нүркен Жақсыбаев Ойыл ауданының білім саласындағы көрсеткіші жыл сайын артып келе жатқандығын жеткізе отырып, сөттілік тіледі. Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау өте маңызды міндет. Сондықтан сапалы білім берудің тиімділігі тапқыланған маңызды жиында ұстаздар мәртебесі артты. Тоғыз ай шәкірт тәрбиелеп, тынымсыз тер төккен мұғалімдердің еңбегі еленіп, «Тамыз конференциясының» соңы марапатқа ұласты. 2019 жылдың «Үздік мұғалімдері» мен «Үздік сынып жетекшілері» және «Үздік тәрбиешілері» аудан әкімінің 30 мың теңге сыйақысымен марапатталды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АДАСУДЫҢ АЛДЫН-АЛУДЫҢ ЖОЛЫ – АҒАРТУШЫЛЫҚ



болады. Бүгінде Ғұламалар кеңесі қоғамдағы күрделі тақырыптар бойынша пәтуалар шығаруда. Азаматтық неке, жыныс мүшесін ауыстыру, қабірді зиярат ету, «Такфир уал-хижра» ағымның адасушы екендігі және жалған жиһадшыларға ермеу жөнінде шарият негізінде діни үкім берді.

Адасушылықтың алдын алудың бірден бір жолы – ағартушылық. Сол себепті де Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жамағат арасында дәстүрлі ислам құндылықтарын жайып, деструктивті теріс ағымдармен күресуді қолға алуда.

Исламда шектен шығудың себептерінің бірі – исламды дұрыс түсінбеуден, яки танымаудан. Десе де, өрбір дерттің дауасы бар. Ал дінді ұстанудағы шектен шығудың дауасы – Құран мен сүннет құндылықтарын дұрыс үйрену және оған дұрыс амал ете білу. Қасиетті Құранда: «Мынау халал, мынау арам» деп, ауыз-далаңға келген өтірікті айта бермеңдер. Алланың атынан өтірік айтқан адамдар мақсатына жете алмайды», - делінген («Нахыл» сүресі, 116-аят). Яғни, дін – адамзат ойлап тапқан дүние емес, ол Алланың діні. Оны өзгертіп, бұрмалау, өз пайымдауымен пәтуа шығару – парасаттылыққа жатпайды.

Шектен шығудың екінші бір себебі – дін ғалымдары мен ұстаздарынан шеттеп жүру. Бұл жайында Жаратқан Жаббар Иеміз: «Мұны білме-сендер, ғылым иелерінен сұрандар», - дейді («Нахыл» сүресі, 43-аят). Бірақ, екіншіше орай, адасушы топтың жетегінде кеткендердің ең үлкен қателігі – осы айтылған аятқа амал етпеуінде, ғылымдардың дәлелді сөздеріне тоқтамауында болып отыр. Өйткені, олар үшін өз өрекеттері мен сөздері ғана ақиқат.

Пайғамбарымыз соңғы әсиеттерінің бірінде: «Уа, адамдар! Мен сіздерге берік ұтасасаңыздар еш уақытта адаспайтын дүние қалдырдым, ол Алланың кітабы мен Пайғамбар сүннеті», - деген болатын. Сондықтан бүгінгі мұсылманның ұстанымы – осы екі қайнар булақтың аясында тоғысуы керек. Сол кезде ғана біз адасушылықтан аулақ бола аламыз. Алла біздің ақиқат жолында жүрімізді нәсіп етсін. Әмин!

Төлеби қажы ОСПАН,
Ақтөбе облысының
өкіл имамы.

АУДАНДА МҮЗЕЙ ТҮНІ ӨТТІ



Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінің ұйымдастыруымен «Музей түні» атты іс-шара өткізілді.

«Музей түні» әлеуметтік мәдени-білім беру жобасы. Дәл осы түні Музей түрлі жастағы, түрлі көзқарастағы адамдарды, түрлі ұлттар мен ұлыстарды тоғыстырып қана қоймай, көңіл көкжиегін кеңейтіп, төл мәдениетіміздің нәрінен сусындауға шақырады. Музей түнінің ойылдық-

тар мен аудан қонақтарына ұсынған бағдарламасы «Құмсай қорымы» және әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, Ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Ө.Марғұланнның - 115 жылдығына арналған «Қазақтың біртуар ғалымы» атты тақырыптық танымдық көрмелері болды. Аталмыш іс-шараға аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев қатынасып, Музей түнінің бағдарламасы және жұмысымен танысты.

«ШАПАҒАТТЫҢ» ШУАҒЫ



Өткен жұма күні «Өмірім өнермен өрнектелген» атты аудандық мәдениет үйінде ауданның жас өнерпаздары, аудандық мәдениет үйі жанындағы Халықтық «Шапағат» Ешлановтар отбасылық ансамблінің мүшелері Бұлбұл Шәуєтєнова мен Ақниет Боранбайұлының концерті өтті.

Мерекелік кеш барысында «Созвездие талантов», «ВинАрт», «Сарын» «Айналайын», «Fantastic talent» атты республикалық және халықаралық конкурстар фестивалдердің жүлдегерлері, жас өнерпаздардың өмір баяны, шығармашылық жолдары

туралы көрермендерге сұрақтар қойылды.

Мерекелік кешке аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев қатынасып, өнерлерін аудан халқына жеткізе білгені үшін жас өнерпаздарға зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеп, Жастар жылына орай жуырда ғана жарық көрген «Көкжардың бүгінгі жас көшбасшылары» атты жинақ-кітапша мен құттықтау хат табыс етті.

Мерекелік кешке келген көрермендер концерттен жақсы әсермен көтеріңкі көңіл күйде ризашылықтарын білдірді.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай Ойыл ауданының әкімі Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлының аудан жұртшылығын құттықтауы



Құрметті ойындықтар және аудан қонақтары!

Еліміздің тарихындағы маңызды, ерекше мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Конституция – болашақ табыстар мен алға қойылған мақсаттарды шешудің алтын кішісі. Сондықтан Заң бойынша өмір сүру және Заңды құрметтеу – әр азаматтың борышы. Конституциямыздың пайғамбары ТМД шеңберінде, сондай-ақ халықаралық аренада танымал болып, өз беделін көрсетті.

Осыдан жиырма төрт жыл бұрын қазақстандықтар жаңа Конституцияның қабылдануы үшін бірауыздан дауыс беріп, өзінің тарихи таңдауын жасады. Осылайша халқымыздың асырлар бойы асып арманы жңзеге асып, егемен еліміздің жаңа Ата Заңы қыңзеге келді.

Ата заңымыз – тірлігі мен татулығы жарасқан барлық ұлттардың Қазақстанның бір шаңырағы астында апаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етті, еліміздің баға жетпес қымбат қазынасына айналды.

Бүгінде Қазақстан демократиялық, заңдылық, құқықтық мемлекет, өркендеуші қоғам құру жолында өз бағытын берік ұстанып келеді.

Сондықтан да барша жұртшылық бұл күнді ауырықша қаірлеуді және болашағының еңізілген де нұрлы болашына нық сенеді.

Тңзғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өлеңісіз, батып қағамдары мен қазақстандықтардың қолдауының арқасында еліміз үлкен табыстарға қол жеткізді.

Апаңда, біздің асар асуымыз, бағындырар бүізіміз әлі алға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынған Ю негізгі бағытына сәйкес жарқын болашаққа жетелеуіміз нақты іс-әрекет жоспары жасақталғаны және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында басты межелер айқындалып, жаңа міндеттер белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған бастамапары мен тапсырмапарын абыроймен орындауға барша жерлестер күш-жігерін жұмсап, өзіндік үлестерін қосады деп толық сеніммен айта аламын.

Қаірменді ойындықтар!

Қазіргі таңда біз конфессияаралық келісімнің болуына, тұрақтылыққа, экономикадағы табыстардың барлығына да Конституцияның негізінде қол жеткіздік. Бұл таңдауды баалауымыз және құрметтеуіміз қажет. Заңмен өмір сүру – бұл демократияның жоғарғы мектебі болып табылады.

Сондықтан баршаңызды Ата Заңымыздың мерекесімен құттықтап отырып, қендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін.

Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын!

Құрметпен

Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Қазыбаев

ХАБАРЛАНДЫРУ


ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толуына орай, Ойыл ауданынан соғысқа қатысқан ардагерлер туралы жинақ-кітап шығару жоспарлануда.

Жинаққа аудан аумағынан майданға аттанған барша майдангерлерімізді енгізу мақсатында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ұрпақтарынан ардагерлер туралы ақпараттарды @Zheniske_75zhyly_oily@mail.ru осы электронды поштаға жіберулеріңіз сұралады.

Ұсынуға болатын мәліметтер: өмірбаяны (толық өрі нақты жазылған), фотосуреттер (сапалы, электронды түрде).

Қосымша мәліметтер (хаттар, қолжазбалар, майданда болған жері туралы мәліметтер, ұрыс кезінде бастан кешкендері туралы мәліметтер және т.б.)



ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Сыбайластыққа мүмкіндік бермейді

Елбасының қоғамдағы моралдық-этикалық ахуалға жағымсыз әсер ететін жемқорлықтың алдын-алуда оған мүлде төзбеу-шілікті қалыптастыру қажет екенін атап айтқаны белгілі. Осынау өзекті мәселе «Қазақстан-2050» Стратегиясында да қамтылып, онда жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер екені көрсетілген. Бұған қоса бұл саладағы саясат-тың тиімділігін арттыру үшін 2015-2025 жылдарға арналған Жемқорлыққа қарсы стратегия әзірленіп, қабылданғаны белгілі. Оның бір бағыты – мемлекеттік қызметшілер арасында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыс жүргізу.

Азаматтардың бұл санаты өздерінің қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелермен жиі бетпе-бет келетіні жасырын емес. Осы орайда мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері пара алу ар-ожданға кір келтіру деп түсінетін адамгершілік ой-санадың жоғары деңгейімен ерекшеленуге міндетті. Жемқорлыққа қарсы күрес негізгі басымдық ретінде қазынашылық органдарының жұмысында ерекше көрініс табуда. Аталған құрылым Қазақстан

Республикасының экономикалық дамуына әсер ететін мемлекеттік қаржыны тиімді және орнықты басқаруға жауап беретін еліміздің бюджеттік жүйесіндегі маңызды буын болып есептеледі. Осыған байланысты бұл жұмыс бастапқыда-ақ өрбір басқару саласында кірістер мен шығыстардың ашақтығы мен бақылануын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған. Мәселе, жалпыға бірдей танылған бухгалтерлік есеп, кірістер мен шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасы, барлық мемлекеттік органдарды қажетті ақшалай қаражатпен қамтамасыз етудегі бірқалыпты қазынашылық нормалар мен стандарттар туралы болып отыр. Қазынашылықтың ақпараттық жүйесі тұрақты жетілдірілу үстінде. Мәселен, 2008 жылы мемлекеттік органдармен электронды құжат айналымы бойынша «Қазынашылық-клиент» АЖ жобасы енгізілген болатын. Оған адами факторды барынша қатыстырмайтын сапалы және уақтылы ақпарат алмасу үшін қорғалатын электронды құжат айналымды жасау негіз ретінде алынды. Жалпы, аталған жүйелер жемқорлыққа қарсы күресте айқын-даушы рөл атқарады.

Әлемдік сарапшылар тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік мекемелердегі қаржылық құжаттардың ашық және есептілікпен өтуі белгілі бір саланың жұмыс істеуінің тазалық келілі болуы кездейсоқ емес. Негізі, бүгінде қазынашылық жүйесі қызметінің мәні: мемлекеттік мекемелер қашықтық режимде сұраныстары мен бюджетті атқару және қандай да операцияларды өткізу бойынша есептерді жасауына болатындығында. Пайдаланушының автоматтандырылған жұмыс орнының көмегімен құжаттарды толтыруы, қабылдап тапсыруы және бақылауы мемлекеттік органдардың орындаушылары арасында тікелей байланысты болдырмай жүргізілуде. Сонымен қатар қазынашылық қызметкерлері арасында өңделген құжаттарды жүйемен тарату автоматтандырылған режимде жүзеге асырылуда. Бұл бір жағынан, құжаттарды өңдеу процесін тездетеді, екінші жағынан – жемқорлықты болдырмайды.

Елбасы жүктеген міндеттерге сай бүгінгі күні елімізде барлық мемлекеттік органдарда жем-қорлыққа қарсы күрес жұмыс бағытының маңызды басымдылығы болып, осы мәселе бойынша мақсатты, жоспарлы өрі жүйелі

шаралар қабылдануда. Бұл жұмыстар Ойыл аудандық қазынашылық басқармасы мекемесінде де жүйелі түрде атқарылып келеді.

Жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау бойынша алдын алу іс-шаралары, мемлекеттік қызметке және жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты заңнамаларды түсіндіру, осы тақырыпта дәрістер мен семинарлар өткізу – қызметкерлер арасындағы жалпы атқарылған жұмыстың азғантай бөлігі ғана. Біздің пайымдауымызша, жыл сайын аудандық қазынашылық басқармасы арқылы қаржылық құжаттардың орасан зор ағыны өтеді. Осы орайда бюджеттің мақсатты қолданылуын тиімді бақылау басымдықта болады. Қазынашылық органдары жемқорлықтың алдын-алу және оның көріністерімен күресуге, тәртіпті күшейтуге және өз қызметінде тәртіпті нығайтуға бағытталған міндеттерді орындау бағытында алдағы уақытта да қарқынды жұмыс атқара береді.

Т.РЫСКАЛИЕВ,
аудандық қазынашылық
басқармасының басшысы.

АУЫЛДАҒЫ 16 ОҚУШЫҒА
АКЦИЯННЫҢ КӨМЕГІ

Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырумен 2019 жылғы 3 шілде мен 30 қыркүйек аралығында «Жүректен жүрекке!» ұранымен өткізіліп жатқан «Мектепке жол» дәстүрлі респу-бликалық қайырымдылық акциясына Қараой мектеп-балабақшасы да атсалысып жатыр. Тамыз айында мектеп ұстаздары аз қамтылған отбасы балаларының қажет-тіліктеріне қарай оқу құралдары мен киім-кешектерін алып бердік. Сынып жетекшілері де жетіспейтін оқу құралдарымен өз оқушыларын қамтуды қол алып жатыр. Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы барысына ауыл кәсіпкерлері, әлеуметтік мемлекеттік мекемелер және жеке отбасылар да тартылды. Қазіргі таңда 13 оқушыға қажеттілігіне қарай 30000 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Алдағы уақытта өзге сыныптардағы балалардың қажеттілігіне қарай бірнеше балаға көмек көрсетіледі. Он үш оқушідан тыс үш балаға округтегі мекемелер қажет заттарын алып берді.

Ж.БАЛҒЫНБАЕВА,
Қараой мектеп-балабақшасының
әлеуметтік педагогы.

Ойыл аудандық әділет басқармасында
2019 жылғы 20 тамызда № 6368 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ			
9 тамыз 2019 жыл	№ 328	Ойыл селосы	
Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 250 «2019-2021 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы			
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:			
1. Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 250 «2019-2021 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13-11-159 номерімен тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:			
1 тармақта:			
1) тармақшасында:			
кірістер			
«59 214» сандары «59 630» сандарымен ауыстырылсын;			
трансферттер түсімі			
«57 380» сандары «57 796» сандарымен ауыстырылсын;			
2) тармақшасында:			
шығындар			
«59 443,5» сандары «59 859,5» сандарымен ауыстырылсын;			
2.Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.			
3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:			
1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;			
2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.			
4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.			
Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: И.Қосдаулетов		Аудандық мәслихат хатшысы: Е.Жиеналин	

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
9 тамыздағы № 328 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
4 қаңтардағы № 250 шешіміне 1 қосымша

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ				
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	1. Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы Меншікке салынатын салықтар Мүлікке салынатын салықтар Жер салығы	59630,0 1634,0 440,0 440,0 1194,0 14,0 80,0
2	01	4	Көлік құралдарына салынатын салық Салықтық емес түсімдер Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	1100,0 200,0 180,0 180,0
		06	Басқа да салықтықеместүсімдер	20,0
4		1	Басқа да салықтық емес түсімдер Трансферттердің түсімдері	20,0 57796,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	57796,0
	3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	57796,0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарла- малардың өкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1	124	001	II. Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	59859,5 19370,0 19370,0 19370,0 18120,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1100,0
			107	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс шаралар өткізу	150,0
04	1	124		Білім беру Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	32078,0 32078,0 32078,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	32078,0
07	3	124		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Елді-мекендерді көркейту	5873,5 5873,5
			008	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	5873,5
			009	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1500,0
			010	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	380,0
			011	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	70,0
12	1	124		Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3923,5
				Көлік және коммуникация	337,0
				Автомобиль көлігі	337,0
			013	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	337,0
				Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	337,0
13	9	124		Басқалар	2201,0
			040	Басқалар Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2201,0 2201,0 2201,0
15	1	124		Трансферттер Трансферттер	2201,0 0,0
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	0,0
				III. Таза бюджеттік кредит беру	0,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет (профицитті) тапшылығы	-229,5
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	229,5
08	01			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	229,5
				Бюджет қаражаты қалдықтары	229,5
				Бюджет қаражатының бос қалдықтары	229,5

Зарегистрирован в Управления юстиции Уилского
района 20 августа 2019 года за № 6368

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА			
9 августа 2019 года	№328	с.Уил	
О внесении изменений в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года №250 «Об утверждении бюджета сельского округа имени Ш.Берсиева на 2019-2021 годы»			
В соответствии со статьями 106, 109-1 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Уилский районный маслихат РЕШИЛ:			
1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года № 250 «Об утверждении бюджета сельского округа имени Ш.Берсиева на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №3-11-159, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:			
в пункте 1:			
в подпункте 1):			
доходы			
цифры «59 214» заменить цифрами «59 630»;			
поступления трансфертов			
цифры «57 380» заменить цифрами «57 796»;			
в подпункте 2):			
затраты			
цифры «59 443,5» заменить цифрами «59 859,5»;			
2. Приложение 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.			
3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:			
1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобинской области;			
2) направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.			
4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.			
Председатель сессии районного маслихата: И.Косдаулетов		Секретарь районного маслихата: Е.Жиеналин	

Приложение к решению районное
маслихата от 9 августа 2019 года № 328
Приложение 1к решению районное
маслихата от 4 января 2019 года № 250

БЮДЖЕТ СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИМЕНИ Ш.БЕРСИЕВА НА 2019 ГОД				
Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	1. Доходы Налоговые поступления Подходный налог Индивидуальный подоходный налог Налоги на собственность Налоги на имущество Земельный налог	59630,0 1634,0 440,0 440,0 1194,0 14,0 80,0
2		4	Налог на транспортные средства Неналоговые поступления Доходы от государственной собственности Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	1100,0 200,0 180,0 180,0
	06	5	Прочие неналоговые поступления	20,0
4		1	Прочие неналоговые поступления Поступления трансфертов	20,0 57796,0
	02	3	Трансферты из вышестоящих органов государственного управления Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	57796,0 57796,0

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1	124	001	II. Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	59859,5 19370,0 19370,0 19370,0 18120,0
			032	Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций	1100,0
			107	Проведение мероприятий за счет резерва местного исполнительного органа на неотложные затраты	150,0
04	1	124	004	Образование Дошкольное воспитание и обучение Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Дошкольное воспитание и обучение и организация медицинского обслуживания в организациях дошкольного воспитания и обучения	32078,0 32078,0 32078,0 32078,0
07	3	124		Жилищно-коммунальное хозяйство Благоустройство населенных пунктов Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	5873,5 5873,5 5873,5
			008	Освещение улиц в населенных пунктах	1500,0
			009	Обеспечение санитарии населенных пунктов	380,0
			010	Содержание мест захоронений и погребение безродных	70,0
			011	Благоустройство и озеленение населенных пунктов	3923,5
12				Транспорт и коммуникации	337,0
				Автомобильный транспорт	337,0
			013	Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, поселках, селах, сельских округах	337,0 337,0
13	9	124		Прочие	2201,0
			040	Прочие Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года	2201,0 2201,0 2201,0
15	1	124		Трансферты Трансферты Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	2201,0 0,0 0,0
				III. Чистое бюджетное кредитование	0,0
				IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0,0
				V. Дефицит (профицит) бюджета	- 229,5
				VI. Финансирование дефицита бюджета	229,5
08	01			Используемые остатки бюджетных средств Остатки бюджетных средств Свободные остатки бюджетных средств	229,5 229,5 229,5

(Жалғасы келесі санда)

ҚАНАТБАЙ ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

3. ӘКЕ АМАНАТЫ

Ата сөзін қасиетте, құрметте –
Аталы сөз шығарады нұр – көккөл!..

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

Әкем:

–Айналайын алмадай болып туған Алмажаным, қонақтық мерзімің аяқталып, Жазмыштың жазуымен өмірлік қосағың Елеусізбен бас қосып, адам ғұмырының жаңа кезеңін бастағалы тұрсың. Барар жерің баянды, көтерер отауың құтты, жарыңа адалдығың арың, ибалығың иманың болып, тастай батып, судай сіңгейсің. Ой, дүние-ай! Уақыт қандай жүйбір еді, кешегі тұлымшағы желбіреген сен де міне, бір отаудың шамшырағы болғалы тұрсың. Құдай бағыңды ашсын. Өрісім менің, есінде болсын, өмір дегеніміз адамдардың бақытты болғысы келетін күресінен тұрады. Сенің де сол бақытқа деген күрес жолың бүгіннен басталды. Алпаның рахымымен, үлкендердің ақ батасымен арғы аталары қол бастаған батырлар, шаршы топта сөз жастырған билер болып келетін текті елдің баласы Елеусізбен жұптасқалы тұрған жүйбайлық өміріңде сақ болғайсың. Себебі өмір дегеніміз бірінғай қуаныштан немесе бірінғай реніштен тұрмайды. Табиғат мезгілдері сияқты көктемі мен жазы, күзі мен қысы ауысып келіп отырады. Осы табиғат құбылыстары сияқты ерлі – зайыптылардың өмірлерінде де, неше түрлі жағдайлар болуы өбден мүмкін, болады да. «Ыдыс-аяқ сылдырлайма тұрмайды». Сондай да «Сабыр түбі – сары алтын» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сен жергекте жатып, туған анаң Зейнептің елжіреген аналық мейірімін сезбедің, бірақ ақ сүтіне тойып, бойыңа нәр алдың яғни уызға жарыған баласың. Жаратқанға не дауа сенің тәй басқаныңды, шүлдірлеген тіліңді естімей, бой жетіп қыз болғаныңды көрмей, бұл жалғаннан қыршын өтті. Шүкір Аллаға, анан болмаса да туысынан байсалды өрі ақылды өжең Мерует сені туған анаңнан кем бақты деп айта алмаймын. Сондықтан менің әкелік қамқорлығымды, Мерует шешеннің жүрек жарды мейіріммен аялы алақанының ыстық лебің еш жібермей тұрмысында кездесетін қиындықтарға тәзіп, шыдамның шыңына шығып, жоққа бабықпайтын, күйреу мен күйзеліске жол бермейтін, текті ауылдың келіні деген атаққа ар–ұятын сай болсын, қарғашым. Басыңа келген қуанышты да, ренішті де ақылға сал, байыппен шеш. Жастық алауға салынып алып ұшла. Адамның өз тағдыры – өз қолында. Бәрін де Алла ниетіне, тазалығыңа береді! ажқүректі Алмашым. Қандай шешім қабылдасаң да ол отбасыңа еш зиянын келтірмейтіндей болсын. Сенің отбасының ұйытқысы ретіндегі ең маңызды міндеттеріңің бірі–үйдегі болған сырды сыртқа шашпау, сыр сақтау. Ұқсаң бұл үлкен құш.

Жалпы шариғат қағидаларымен тәрбие көрген адамдардың міндеті - жанжалдасып қалған балаларының арасын татуластыру, отбасының бұзылуына жол бермей, ақыл-кеңес беру болып табылады. Бұған сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) өмірінен бір мысал айтайын. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) күйеу баласы хазреті Әлидің үйіне барғанда, Фатима қызы Әлидің өзімен келісе алмай, ашуланып үйден кетіп қалғанын айтады. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оның қайда баруы мүмкін екенін білмей, мешітке іздеп барады. Сөйтсе Әли мешітке демалып жатыр екен. Оны тұрызып, үйіне ертіп келеді де, ештеме сұрамастан, қоштасып үйіне кетеді. Бұдан ұғатынымыз сүйікті пайғам-барымыздың (с.ғ.с.) өзі балаларының араларында не болғанын сұрап, айыптысы айқындаған жоқ. Себебі ол Әли мен Фатима араларындағы мәселе болатын. Алпаның Елшісі (с.ғ.с.) осы ісімен ерлі – зайып-тылардың арасында болған келеңсіз жағдайларда кінәліні іздемеу керек-тігін көрсеткен. Пайғамбарда (с.ғ.с.) күйеуін сыйлаған деген қағида та мүмкін содан қалған болар. Ойымнан шығып, көңілімнің төрінен орын алып жатса менде күйеу балам Елеусізді сыйлап өтөрмін, деп өкем сөзін аяқтап, тіпек тілеп, батасын берді.

Иә, өке аманаты, өке тілегі орындалды, берген батасы қабыл болды. Өле-өлгенше сыйласып өттік, қайын жұртымағы менің бей-мазалау өмірім туралы ол бейхабар болды – деп шешем толқып, біраз үнсіз отырды. Кім біліпті өке тілегің орындаймын деп, сол бір күйзелісті де, сүренсімі өмірі есіне түсті ме, мен де мазаламадым.

Еттен өткізе, сүйекке жеткізе айтылған өке өңгімесі анашымды шыдамдылыққа, тәзімділікке, сабыр-лылыққа, отбасының құпиясын сақтауға, жас шаңырақты шайқалт-пауға жетелепті. Осындай өкеден

рухани сабақ алған анашым абысын-ажындарынан естіген есірік сөздерді, шаншу сөздерді, қаңқу сөздерді өкеме тіс жарып айтпапты. Осы шақтарда өкеме де араздастыру сөздерін айтқан адамдар да аз болмаған. Тіпті кейбір жеңгелері жаны ашығанысп:

«Бедеу қатынмен қашанғы тұра-сың, талақ ет, төркініне қайтар, кіндіктен жалғыз едің, тұқымсыз қаларсың, өлі басың жас, аман болсаң бала туатын қатын аларсың», -деп арандатады. Туысынан сабыр-лы, ұстамды, қандай іске болса да ақылмен қарайтын өке қызыл сөзге ермейді. Сол ұстамдылығының арқасы болар құдай қосқан қосағы Алмажанның бірнеше перзетт көреді. Қоғамның өділетсіз іс-әрекеттерінен болған тауқыметтен қорланып жүріп, зорланып жүріп біздерді дүниеге өкелген. Әруақтарыңнан айналайын өкем мен шешем көздерінің тірісінде ұрпақтарының жапырақ жайып, өсіп-өнетінін, қазақ елінің тәуелсіздік алатынын, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміздің жанатынын, өздерінің де, тіпті ата- бабаларының да аты-жөндері кітапқа түсетіндерін білген жоқ. Шүкір, аты-жөндері хатталды. Рухтары разы болғай!

Өзіне өзі келген анам өңгімесін одан өрі жалғады.

4. ҚАЙТА КӨТЕРІЛГЕН ҚАРАШАҢЫРАҚ

Әкең өлді сенің сөбі шағыңда,

Көрмедің сен өнегесін, бағың да!

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

-Осындай қиын қыстау заманда марқұм Мөтжан атамның жан кешер алдында Балым енеме аманаттаған аманаты жөргекте жатқан өкенді

сол атаң мен екінші енеме де ермек керек болды. Міне, олар тағы да жиналып келіп (екі енем, атаң бас болып) «Болатжанды бауырыма басамын. Менің шаңырағыма ертен осы балам ие болып қалады, сендер өлі жассыңдар» деп, бізге бата беріп Болатжанды алып кетті. Бұл кезде менің саған аяғым ауыр болатын. Сөйтіп Болатжан да кемпір-шалдың баласы болып кете барды.

Адам беру оңай ма? Олар кеткеннен кейін, япырай бұл не болып барады, бір емес, екі емес, үшінші балаға ауыз салып алып кетуі қалай деп аналық қимас көңіл бұзылып, көздің жасын сығып-сығып алып ойға қалдым.

Ертең мына ішімдегі тікенегім аман-есен сыртқа шықса бұны да алып көтер ме екен деген қорқынышты ой денемді дір еткізді. Иә, құдай кешіре-гер, өуелі аман-есен босанайын, амандық болса көрерміз-деп өзімді-өзім тәубаға келтірдім.

Қуырдақтың көкесін тойғанда көресің демекші, қызықтың көкесі сен туғаннан кейін болды. Сені қоян жылы, төл алынып, қозы құйрық-танған кезде, Сүлейімнен басызың жаныңдағы жаңғыз ағаш түбінде тұдым. Өкең құнан қой сойып қалжа берді, кіндігіңді Рабига деген мінезді әйел кесті. Құм бойынан Балым енем келіп, сені қырқыңнан шығарды. Қуанышта шек жоқ, өлбетте үйдің тұңғышы сияқты болдың ғой құлыным.

Сен екі жастан кеткесін, Сталин өлетін жылы тамыз айында Сапураны тұдым. Сөйтіп жылдар өтіп жатты. Жаз ортасы болатын, бір күні қаладан хабар келді. Әйтере

қарай не болды» деймін ғой-баяғы. Шешем өңгімесін қайта сабақтап, бір түрлі шаттанып, қуанып кетті.

-Неге қуандың, айтсаңшы?

5. ҚАЙТА ҚАУЫШҚАН ҚУШАҚ
Егер, ұл-қыз жақсы болса, зерделі, Айтқаныңның айнымай дәл келгені.

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

- Шаңырағым-ау, мен сені бір емес екі рет тұдым ғой. Күз мезгілі болатын, менің бүйтіп мал соңында жүріп, туған балаларымды әркімге таратып жүргенім жөн болмас, тіршілік жасайын деген ойлар менің қайтып беріңізші деймін. Ол көргенді адам, менің аналық тілегімді далаға тастамас, дедім. Өкең сені жек көрсін бе, сөзге келмей келісіп, ертеңіне тайөгізді ертелете сойып, мені қалаға шығарып салды. Ол жылы біз Балғасынның «Тұз» деп аталатын базын қыстап отырған болатынбыз. Қала қырдың астында қырық шақырым жерде, қазір келем. Содан кештетіп қалаға келіп, атағы иіліп сәлем беріп, қалшық толы еттерімді Көркем енеме беріп жатып, әдейі ата

шаңырақ бола ма деп едім, Алла оған жазбады, жазмыш солай шығар не дауа! Мал емес, зат емес адам сұрап бардым. Бетіме келмедіңдер, сыйладыңдар, тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп туған торсық шекелі ұлыңды бердің, ризамын. Алла ісіне не шара. Құдай сендердің ниеттеріңе берсін! Ешқандай ренішім жоқ. Осы жерге сені алып келген, сенің аналық жүрегің, ұлым деп тулаған жүрегіңнен айналайын келінжан. Қонысжанды алып аулыңа қайта ғой. Қонысжан байқауымша қатардағы көп баланың бірі болмас иишалла, жақсылап тәрбиелендер. Қайда жүрсендеп де Алла жар болып, Қызыр ата қолдап, бақытты, байқуатты ел болдыңыз»-деп батасын берді.

Сөйтіп, Аққонысым-ау, мен сені бұл жалғанда бір тайөгіздің етіне «сатып алып», қайта туғандай болдым ғой. Сенің шаңыраққа оралуың менің өмірге деген торығуымды тоқтатты ғой, құлыным. Сен келмесең есім ауып, шашымды жайып, қолымды ербендетіп, «Балғасын» сайын көзіп көтер ме едім, кім білген. Жаратқан Иемнің рахымы түсіп, Ата райдан қайтып, оралдың ғой туған босағаға. Шүкір Аллаға! Тәубе! Құдай сені ғұмырлы қылсын!-деп көңілі бұзылып, бүгінгі өңгімесін аяқтағандай ишарат білдірді.

Мен де шешемді өрі қарай өңгімеге тартпап, қайдағыны ойына салмай, айтқан өңгімесіне, көрген бейнетіне аяушылық білдіріп, қайткенде анамды бақытты етер екенмін деп ойға шомып, қиялым қияға қалықтап кетті. Иә, өмір біреуге көшкен керуен сияқты, бірге еріп кеткің келеді, өмір біреуге жұпар иісті сая бақ сияқты,

бойым мұздап кетті. Ана жарықтық үнсіз, баяу бұрылып, ішкі дүниесі алау-жалау боп, жаулығының ұшын көзіне апарып, ақырын басып, көзден ғайып болды. Шалқардан біраз қашықтықта тұратын ананы алып келген не құдірет. Кім хабар берді. Белгісіз.

Әскер десе соғыс есіне түсетін, кешегі сұрапыл соғыстың санада өшпестей сіңіп қалған ызғары ма, екен? Жо-жоқ, менімше, Болат-байды көруге алып келген ананың үлкен ақ жүрегі, басынан бір сыйпасам деген ананың аялы алақаны, ананың балаға деген махаббаты, ананың балаға деген мейірімі, ананың балаға деген қимастығы болса керек. Өле-өлгенше Болатбайдан ап-ау деген перзенттік мейірімді үнді естімей, мен Болатбайды туып едім деп те айтпастан өмірден өтті. Болатбай да, шешем деп мойындамады. Не деген сертке беріктілік, дестүрге адалдық, қайран қаламын. Марқұм ананамн осы арадағы сырды қанша сұрасам да айтпайтын. Болатбай да осы күнге дейін үнсіз.

Менің ойымды:

–Ой, шаңырағым-ау, құлыным-ау, -деген шеше даусы селт еткізді.

–Содан сенің мектепке баратын жасың келді. Майра туатын жылдың күзінде өзіміздің саны жағынан жетінші ауылдағы сегіз жылдық Сарқамыс мектебіне оқуға алындың. Алғашында интернатта жаттын. Интернат жағдайы қолайлы болмағасын «Қараталда» отырған атам мен енем (Әйтекеш пен Балбөпе) Саржағаға көшіп келіп Болатбайды, Сөбіраны, сені оқытты.

1964 жылы ұсақ колхоздар тарап, совхоздар құрылды. Үкімет 7-ші, 8-ші, 24-ші ауылдарды біріктіріп, «Жаңақоныс» совхозын құрып, біздерді осы совхозға қабылдап, малдан босатты. Себебі біз отырған жайлау жаңа құрылған «Ақтоғай» совхозына қарайтын болғандықтан біздер құм ішіндегі «Жаңақоныс» совхозының «Қаратал» базына көшіуіміз керек болды. Осындай абыр-сабыр болып жатқанда, әкем ауырып қалада жатты. Оның үстіне марқұм қарындасың Перуза ауырып, жыылған үстіне жудықры болды. Мен де Сапура мен Майраны алып қалаға келдім. Сөйтіп сен нағашы өжең Мерует екеуің жұртта қалып, мал-мүлікке ие болдыңдар. Бізге қамқор болып, қол ұшын беретін ешкім болмады, басшыларға да, қосшыларға да, тума-туыстарға да керек бола қоймадық. Қайтесің тірі адам тіршілігін жасайды-да. Анау-мынау адамның қолынан келе бермейтін әрекетті сен өжең екеуің жасадыңдар. Қыркүйек айының ортасы болса керек, өжең екеуің, екеуден екеу ешкімнің көмегіңсіз сонау жүз шақырымдық қашықтықтағы «Жалғыз құдық» жайлауынан жолдағы «Құм құдық» базына бір қонып, шойын жолдан аман-есен өтіп, Борсық құмы бойындағы «Қаратағ» базына барлық малды шашау шығармай түйемен көшіп келдіңдер. Жұртта қалған мал-мүлкінді жаңа ғана 13 жасқа толған қарағдай ұлың тәуекелге барып, көшіріп келіп жатса, қалай қуан-бассың, қуанасың. Қалай шүкірлік қылмассың. Шүкір Аллаға! Сөйтіп сен кішкентайыңнан шаруақор болдың ғой, алтынмен. Құдайым сені ғұмырлы қылып, бақытынды ашсын, аман бол!

Үш жылдан кейін сен Сарқамыс сегіз жылдық мектебін бітіріп шықтың. Есінде ме, Қонысжан, оқу керек, оқымаған қор болады дейтінім, оқымаған біз кім болып жүрміз. Қарағынымыз. Өкең екеуіміздің өмірдің төлкегімен ала алмаған білімімізді сен алшы, жарығым. Қалған оқуынды Шалқардағы Ақмектепке барып жалғастырасың, жататын үйіңді белгілеп қойдың. Нағашы атаңның үйіне жатып оқысын. Сәмет інімің балалары көп, дегенмен өкем есті адам ғой, келісті. Одан кейінгі жылды да анықтадым, Алла қаласа, Қунила сіңілімің үйіне жатып мектеп бітіріп шығасың. Не болғанда да, сені мектеп бітірттіріп жоғары оқуға салуым керек. Сенен көп үміттенем, жинақы, қақпа құлақ, шаруақор, өмірге бейімсің, осы қасиеттерің сені бір жерден шығарады,-дейтін марқұм аяулы анашым, мені сонау келешектің алысына сілтеп. Мен де ана сөзінен қуаттанып, жігерленіп, қанаттанып кететінмін. Осылайша менің балалық шағым Сарқамыс мектебінде және нағашыларымың ортасында, Шалқар қаласында өтті. Қазір ойласам, осындай дәрежеге жеткенім өкем мен шешемнің бойларындағы әкелік-аналық мейірімдерін сарқа жүйелініп және ананың ақ сүті мен бергені тірде сіңіре берген тәрбиесінің арқасы ғой деймін. Сөйтіп, өкенің ақ сөзі мен ананың ақ тілегімен орта мектепті аяқтап, жол жүргелі жатқанда анам оңашалап қасына шақырды.

АНА ТІЛЕГІ

(Эссе)

кең тыныстап бақтан шыққын келмейді, өмір біреуге жайуандардың сойқанындай көрінеді, жайлы жер іздеп кеткің келеді. Алайда не шара, өмір, өмір, өмір...адаспаған жөн.

Бүгінгі өңгіме осымен төмам дегендей, шешем орнынан көтеріліп далаға шығып, кешкі тіршіліктің қамына кірісті.

Сөйтіп мен шешемнің қайратымен өз шаңырағымда екі рет дүниеге келгенмін. Екінші дүниеге келгенімде өкем мен шешем қалжа жаса-мағанмен көршілерді жинап, кішігірім той жасапты. Қуаныштан төбелері көкке жеткендей мөз болыпты.

Осылай жазы мен қысы, бейнеті мен зейнеті араласқан жылдар жылжып өтіп жатыпты.

Тағы бірде шайға терлеп, бабына келіп отырғанда: «ала (біздер кішкентай кезімізде шешемізді апа деп атайтынбыз) өткендегі өңгіме-лерімізді одан өрі жалғастырмаймыз ба?»-дедім.

Шешем: «жалғастырамыз, қай жерде қалып едік?»-деп өзіме сұрақ берді.

Мен Сапурадан кейінгі балаларың-ды айтадың ғой,-дедім.

-Балғасынның «Сүлеймен» деген базын қыстап шыққан жылы Перуза қарындасыңды, «Ақжар» қыстауын қыстап отырған жылы Майраны тұдым. Майра туатын жылдың жазында Балым енем қайтыс болды. Бұл қыздар туғаннан кейін аталар мен енелерім бұрынғыдай билік жүргізбеді.

Ойлап отырсам, ендігілер бауырынан шыққан баласы түгілі қарыз сұрасаң ақша, қолдана тұруға бұйымдарын да бермейтін шығар. Біз басқа болыпмыз. Шүкір Аллаға, арты қайырлы, бауырым түгел. Өмірде кісіге бала берудің керегі жоқ екен, соған көзім жетті, өркім өз баласымен болуы дұрыс. Бұны неге айтып отырғанымды, Қонысжан, өзің білесің,-деп біраз үнсіз отырды.

Иә, неге айтып отырғаныңды білемін деп, мен де үнсіз ойға шомып кеттім.

1968 жылдың қараша айы болса керек, Ақтөбеде техникумда оқып жүрген Болатбайды Кеңес әскері қатарына алатын болды. Содан біздер, бір топ інілері Болатбайды әскерге шығарып салуға Шалқардың теміржол вокзалына жиналдық. Біздерден басқа ірі басты ағалар мен апалар, тума-туыстар көрінбеді. Содан ба екен білмеймін, Болатбай даусын көтеріп, өрқайсымызға былай болу керек, былай болмау керек деп уағыз айта бастады. Неге екенін білмеймін, өзен-өзі ызаланып, кіжініп сөйлеп тұр. Осы кезде ақ жаулығы желбіреген перронда тұрған шешеме көзім түсіп кетті. Болатбайға: «саған апам келіп тұр, барып амандассаңшы» дедім. Ол жалт қарап; «сені кім шақырды, бар, кет!»-деп анама айқайлап жіберді. (Себебі ол Әйтекеш атасы мен ерік сүтін емізген Балбөпе әжесінің ерке баласы ғой) Менің жүрегім сыздап,

ЖЫМПИТЫДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

ТАРИХИ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТАМЫРЫ

ӨТКЕН АПТАДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ СЫРЫМ АУДАНЫНДА ОБЛЫСТЫҚ «БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫНЫҢ КӨШПЕЛІ МӘЖІЛІСІ» ӨТТІ. ШАРАҒА «ЖАЙЫҚ ПРЕСС «ЖШС ДИРЕКТОРЫ РАУАН СӘБИТОВ, РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫМАЛ ЖУРНАЛИСТ ЕСЕЙ ЖЕҢІСҰЛЫ, СЫРЫМ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, АРДАҒЕР ЖУРНАЛИСТ МАХМЕТ ҚАЖИАХМЕТОВ, АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРДІҢ РЕДАКТОРЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, КӨШПЕЛІ КЕҢЕСКЕ ТАРИХЫ ЖЫМПИТЫМЕН ТАМЫРЛАС АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНАН АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ СЕРІКБАЙ ҚОМБАҒАРОВ АРНАЙЫ ШАҚЫРЫЛДЫ.

ҚОҢАҚТАРДЫ «СЫРЫМ ЕЛІ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ БАУЫРЖАН ШИРМЕДИНҰЛЫ СЫРЫМ ШЫҚҚАН ТӨБЕДЕГІ КЕСЕНЕДЕН ҚАРСЫ АЛДЫ.



Қонақтар аудан орталығында Қадыр алаңындағы ақын ескерткішіне аялдады. Қадыр ескерткішінің алдында Сырым ауданының құрметті азаматы, ардагер журналист Махмет Қажиахметов сөз алып, қонақтарға қош келдіңіздер айтып. Республикалық Қадыр оқулары байқауының бас жүлдегері, 400 өлеңі мен «Қызыл кітап» поэмасын жатқа айтатын Темірлан Маратов ақынның «Балапықсыз балалық» атты өлеңін нақышына келтіре оқыды. Ақын

ескерткішіне «Жайық Пресс» ЖШС директоры Рауан Сәбитов пен журналист Есей Жеңісұлы гүл шоқтарын қойды.

Одан кейін редакторлар аудан әкімінің орынбасары Аспанбек Сарқұловпен бірге Алаш саябағында болып, Алаш арыстарының мүсіндерімен таныс болды. Мұнда «Өрімтал» жас тілшілер фестивалінің аудандық кезеңінің жеңімпазы, С.Жүнісов атындағы республикалық байқаудың арнайы жүлде иегері

Жанерке Матышева Ғұмар Қараштың «Көреміз бе?» атты өлеңін оқыды. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық «Ойыл» газетінің редакторы Серікбай Қойбағаров пен Сырым ауданының құрметті азаматы, ардагер журналист Махмет Қажиахметовке гүл қою рәсімі берілді.

Бас редакторлар клубының көшпелі мәжілісінің ресми бөлімі аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өтті. «Сырым елі» газетінің редакторы Бауыржан Ширмединұлы жыл басынан бергі «Сырым елі» газетінің жасалған жұмыстары туралы баяндады. «Жайық Пресс» ЖШС директоры Рауан Сәбитов, аудандармен жұмыс бөлімінің редакторы Тоқтар Кенжеғалиев, «Жайық Пресс» ақпараттық агенттігінің басшысы Нұрлыбек Рахманов аудандық газеттердің жұмыстарын саралап, мақтаулы жақтарын және қамшы басу керек тұстарын ашып айтып. Республикалық басылымдарда елеулі еңбек етіп келетін журналист Есей Жеңісұлы аудандық газеттердің жұмысын бір жүйеге келтіріп, қадағалап отырған «Жайық Пресс» медиа холдингіне, халықтың көкейіндегісін жариялап келетін аудандық газеттерге разылығын білдірді.

«Бас редакторлар клубының көшпелі отырысы» республикалық басылымдарда елеулі еңбек етіп жүрген танымал журналист Есей Жеңісұлының шеберлік сағатымен жалғасты. Шеберлік сағатына бас редакторлармен бірге «Сырым елі» газетінің штаттан тыс тілшілері мен жас тілшілері қатысты.

Сол күні «Бас редакторлар клубының көшпелі отырысының» қатысушылары аудандық мәдениет үйінде Жайсаң Ақбайдың Жымпиты халық театрының қойған «Жанша» қойылымын тамашалады.

Шынар МОЛДАНИЯЗОВА, Арнайы «Ойыл» газеті үшін



ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ АУДАН ҚОҢАҚТАРЫ! СІЗДЕРДІ 30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ӨТЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

№	Іс-шараның атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	Ауданның клуб, кітапханаларында «Айбары асқақ – Ата Заң», «Ата Заң – елдің айыбы, еркіндігі, байлығы», «Айбары асқақ – Ата Заң», «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң», «Конституция – кемең келешек кепілі», «Асқақтай бер, алтын қатар», «Ата заңымыз – елдігіміздің асыл тірегі», «Ата заңым – алтын қазынам» т.б. тақырыптарында кітап көрмесіне библиографиялық шолулар, слайдшоу мен мәдени шаралар	28-30 тамыз аралығы	Аудан орталығы мен ауылдық округтердегі клубтар мен кітапханалар
2.	Ауданның барлық білім беру ұйымдары мен Ойыл аграрлық колледжінде мереке қарсаңында арнайы кездесулер мен ертеңгіліктер	26-29 тамыз – аралығы	Ауданның білім беру ұйымдары
3.	«Ата заң – елдің айыбы» атты библиофреш	28 тамыз сағат 14.00	Аудандық балалар кітапханасы
4.	Конституция күніне орай «Ата заң – ардағымыз, айбарымыз атты мәдени шара	29 тамыз сағат 10.00	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
5.	Жалғыз басты зейнеткерлер мен тыл еңбеккерлеріне қайырымдылық көрсету мақсатында «Қарттарым асыл қазынам», «Үмей» атты акциялар	29-30 тамыз сағат 9.00-18.00	Аудан орталығы мен ауылдық округтер
6.	«Ата заң – алтын тұғырымыз» атты тақырыптық көрме	27-29 тамыз аралығы сағат 9.00-18.00	Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі
7.	«Ата Заң – Азат елдің ар-намысы» атты дөңгелек үстел	29 тамыз сағат 11.00	Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі
8.	«Азат елдің ар-намысы - Ата Заң» тақырыбында ашық аспан аясында кітапхана гүлзары	29 тамыз сағат 20.00	Аудан орталығында көше бойында
9.	Конституция күніне орай «Ата Заң – алтын тұғырым» атты мәдени шара	30 тамыз сағат 10.00	Аудан орталығы мен ауылдық округтер
10.	«Ата заң – елдігімнің еңсесі!» тақырыбында салтанатты жиын және мерекелік концерттік бағдарлама: - Мемлекеттік қызметке жаңадан кіріскен мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау рәсімі; - Мерекелік марапат; - Тұрғын үйдің кілтін табыстау; - «Үлгілі үй, үлгілі аула» акциясының қорытындысы бойынша аудан тұрғындарын марапаттау; - Мерекеге арналған концерттік бағдарлама	29 тамыз сағат 16.00	Аудандық мәдениет үйі
11.	Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай мекеме қызметкерлері арасындағы футболдан әкім кубогы	17-30 тамыз аралығы	Аудан орталығы, Бақаев көшесіндегі спорттық алаңы
12.	Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарларында мерекеге арналған ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі мен сауда-сатылымдар өткізіліп, мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылады	30 тамыз сағат 10.00	Көкжар жәрмеңкесінің сауда қатарлары

БІРЖАН САЛДЫҢ ДОМБЫРАСЫ ҚАЛАЙ САҚАЛДЫ?

Еліміздегі мұражайлардың пайда болу тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми мәліметінше, 1913 жылы қазақ жерінде небәрі 3 мұражай жұмыс істепті. Оның біріншісі - 1859 жылы Оралда, екіншісі - 1898 жылы Семейде, үшіншісі - 1898 жылы Жетісуда ашылған.

Бүгінгі таңда республикамызда тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау істерімен айналысатын түрлі бағыттағы 154 мұражай бар. Кей деректерге қарағанда, тарихи ғимараттар саны екі жүзден асып жығылады. Бұл мекемелердегі жұртшылық назарына ұсынылған күндіз жөдігерлер саны 218 мыңға жуықтайды.

Алайда ғасырлар қойнауынан сыр шертетін осы мәдени мұраларымызды жергілікті жұртшылық болмаса, өзгелердің атын естігені болмаса, затын тамашалауға мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, өлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген сөзін басшылыққа ала отырып, жалпыға ортақ ғажайып қазынамызды, алтын жауһарларымызды алдағы уақытта газет бетінде таныстырып отыруды жөн деп таптық. Біздің ең бірініші таңдауымыз түскен өнер отауы — Алматы қаласы әкімдігіне қарасты Ықылас атындағы ұлттық музыкалық аспаптар мұражайы. Салынғанына бір ғасырдан асқан мұражайда Құрманғазы, Махамбет, Біржан сал, Абай, Қазанғап, Сейтек, Бөлітірік, Сүгір, Дина, Жамбыл, Манарбек Ержанов, Әміре Қашаубаев, Жүсіп-

бек Елебеков, Мағауия Хамзин, Нұрғиса Тілендиев сияқты күйші-композиторлардың, ақын-жыраулардың жанына серік еткен домбыралары ілүлі тұр. Шашубай мен Нартайдың да саз сырнайы осында. Жарас бақсы, Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаевтардың қобыздары көзге оттай басылады. Бұдан бөлек, шертер, асатаяқ, шыңдауыл, дауылпаз, сыбызғы, үскірік, жетігендер түр-түрімен қаз-қатар тізіліп тұр. Солардың арасынан біздің назарымызды ерекше аударған ХІХ ғасырдағы қазақ өн өнерінің, сөз өнерінің ірі өкілі Біржан салдың домбырасы.

Сал-серінің қолының табы, алақанының жылуы қалған, ісі сіңген қос ішек өзге домбыралармен салыстырылғанда ең үлкені. Аспаптың ұзындығына қарап, өнші-композитордың тұлғалы болғанын бағамдауға болады.

Ықылас атындағы музыкалық халық аспаптары мұражайы Ғылыми қор бөлімінің қызметкері Индира Рамазанованың таныстыруы бойынша, қазақ халқының мақтанышына айналған дара тұлғаның домбырасы емен ағашынан ойылған.

Біржан сал бұл домбырасын 1885 жылы жасатып, өле-өлгенше ұстаған көрінеді. Арада жүз жыл уақыт салып Ықылас атындағы музыкалық халық аспаптары мұражайына өткізілген. Жалпы ұзындығы — 105 см, ені — 16 см, биіктігі — 7 см, мойынының ұзындығы — 65, 5 см. Он екі пернелі, екі ішекті.

Бетінде үш бұрышты дыбыс ойығы бар, қоңыр түсті. 1943-1944 жылдары шебер Қамар Қасымов толық жөндеуден өткізген. Домбыраның беткі бөлігі қайың ағашынан қайта салынып, шегелермен бекітілген. Қамбар Қасымовтың жасаған ерекше құрамдағы лағымен сырланған. 1981 жылы

өнер және қоғам қайраткері Әшімбек Бектасов сол кездегі мұражай директоры, белгілі күйші, музыкатанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарқын Шөкәрімге өкеліп тапсырған. Тарих беттеріне алтын өріппен жазылған осы күннің астарына тереңірек үңілгіміз келіп Жарқын Жақияұлына хабарласқанымызда, ол кісі сол жылы наурыз айында «Мәдениет және Тұрмыс» журналында жарық көрген мақаланы қолымызға ұстатты. «Әшімбек Бектасовтың қолына Біржанның домбырасы қалай түскен? Жоқ елде ұрпағы ма?» деген сұрақтарымызға сарғайған қағаз беттерінен жауап таптық. Сонымен, экспонатты мұражайға аманаттаған еңбек және партия ардагері Әшімбек Бектасов Ұлы Отан соғысы жылдары республикада басшылық қызметтер атқарыпты. 1943 жылы жұмыс бабымен Ақмола облысының Степняк қаласына жол сапармен барады. Қазіргідей бір-бірімен жарысқан қонақүйлер жоқ. Жергілікті басшылар мәртебелі мейманды «15 жылдық Қазақстан» көшесіндегі №26 үйге орналасырады. Үй иесі 78 жастағы Ғазыл деген ақсақал екен. Шөй ішіліп, аз-кем өңгімелесіп, кеңірек танысқан соң құдайы қонақ:

— Асырған айғай, өнін алты қырдан, Әкесі асқақ өннің өнші Біржан. Ақандай майда көмей, нәзік емес, Құлақты Біржан ащы өнмен қырған, — дейтін көдімгі Біржанның елі емес пе? Бұл маңда атақты өнші-салдың ұрпақтарынан кімдер бар? — деп сұрайды. Сөйтсе, түскен үйі тура Біржанның өз үйі болып шығады. Ғазыл ақсақал Біржанның әкесі Тұрлыбайдың кіші қызы, яғни сал-серінің қарындасы Хадишаның ұлы екен.

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ.

АТАУЛЫ ЖЫЛЫ - АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨП

Биылғы жылдың Жастар жылы деп жариялануы жастар үшін үлкен мүмкіндік береді. Бұл – мемлекет тарапынан жас ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам.

Статистика Басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні аудандығы жастар саны (14-29 жас аралығы) 5364 адамды немесе аудан тұрғындарының 31% құрайды. Олардың 1746-сы аудан (28%), орталығында тұрса, 3618-і (72%) ауыл жастары.

ЖРО негізгі міндеттерінің бірі жастармен мекен-жай бойынша жұмыстар жүргізу. Орталықта барлық жастар санаттарына психологиялық және құқықтық, заңгерлік көмек көрсететін өлеуметтік қызмет жұмыс жасайды. Жыл басынан бері аталмыш орталыққа 227 жас өртірүлі етініштермен жүгінген. Өтініштердің басым бөлігі жұмыспен қамту және жастардың бос уақытты тиімді ұйымдастыру, шығармашылықты қолдау, психологиялық-педагогикалық, заңгерлік көмек көрсетуге байланысты бағытталған.

Жастар жылының жариялануы аудан жастарына тиісті жағдай жасап, жұмыспен қамту, сапалы біліммен, тұрғын үймен, бос уақытты тиімді пайдалануына мүмкіндік қарастыру жұмыстары жаңа бір қарқын алды.

Баспанамен қамтамасыз ету. Қазіргі таңда 29 жасқа дейінгі 33 жас пен жас отбасылар тұрғын үй кезегінде тұр.

Жастарды, жас отбасылар қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабы. Осы мақсатта ауданда былтыр басталған құны 71 млн. теңгені құрайтын 2 пәтерлі 6 тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар екі қабатты 8 пәтер және бір пәтерлі 14 тұрғын үйдің құрылысын жасақтау үшін жобалау-сметалық құжаттарына облыстан 7 млн. теңгеге сұраныс жасалды. Осы жобалар жүзеге асатын болса, заң талаптарын сақтай отырып мүмкіндігінше жас отбасыларға қолдау көрсетіледі.

Жұмыспен қамту: Мемлекетіміздің өлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші маңызды рөлге ие. Осы бағытта ауданымызда жастарды жұмыспен қамтуды мақсат ететін «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Гүлдене бер тұған ел марафон эстафетасы» сынды жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді.

Жастар жылы аясында ауданымызда жыл басынан бері жұмыспен қамту орталығы арқылы 4 бос орындар жәрмеңкесі өткізіліп, 18-29 жас аралығындағы 140 жас жұмысқа орналастырылды.

- Жастар тәжірибесіне 105 жұмыссыз жас түлек жіберілді.

- Өлеуметтік жұмыс орындарына 16-29 жас аралығындағы жастар 25 адам құрайды, немесе 30,0% пайыз.

- Кәсіптік оқуға – 35 жас тартылды. - Бағдарлама аясында «Бизнес Бастау» жобасына 18-29 жас аралығындағы жастар санатындағы 31 адам қатысып, 6 жас шағын несие алды.

Сонымен қатар «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында көпшілік оқумен 195 жасты оқыту жоспарланып отыр.

Сондай - ақ «Дипломмен ауылға!» жобасы аясында жыл басынан бері 30 маманға (5302,5) көтерме жәрдемақы төленді. Оның ішінде Білім беру саласы – 23 жас,

Денсаулық сақтау – 6 жас, Спорт саласы – 1 жас. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы аясында 17 жас маманға 56813,0 млн. теңге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие берілді.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау Жастарды қоғам сұранысына сәйкес кәсіпке баулу өте маңызды. Бизнеспен айналысқан деушілерге қолайлы жағдайлар жасалған. Ауданда барлығы 64 жас кәсіпкер бар.

Сондай – ақ өткен жылы Дүниежүзілік банк қолдауымен осал топтағы жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Zhas Project» жобасы жақсы нәтиже берді. Жоба аясында әрқайсысы 1 млн. теңгеге 11 жастың өлеуметтік жобасы қаржыландырып, жалпы 34 жасқа 40-60,0 мың көлемінде 6 ай бойы арнайы стипендия төленді.

Сонымен қатар Жастар жылы аясында Мемлекеттік – жекеменшік өріпестік аясында аудан орталығында 171,0 млн. теңгеге «Жастар өнер орталығы» ғимаратының құрылысы басталды. Осындай жобаны өзіміз қолға алып, екінші деңгейдегі банктер мен Қаржылай қолдау қорлары арқылы жеңілдетілген арнайы несиелік бағдарламаларды қолға алуымыз қажет.

Бұл бағытта ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімдері түрлі бағыттағы бизнес жобаларға жастарды тартып, бастама көтеріп гранттар мен жобаларды ұту мақсатында тиісті жұмыстар ұйымдастыру қажет.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында Ойыл аграрлық колледжі, аудан орталығындағы білім беру ұйымдарында, аудандық орталық аурухана мен Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебінде барлығы 7 жастар ісі жөніндегі комитеттер жұмыс жасайды.

Жастар ҰЕҰ дамыту саласында ауданда 2 жастар ұйымдары белсенді қызмет етеді. Олар – «Жігерлі Жас» ҚБ. «Нұр Отан»партиясы Ойыл аудандық филиалы «Жас Отан» ЖҚ. Жастар ұйымдарының құрамында ауданның 100-ден астам жастары қызмет етеді.

Сонымен қатар ауданда еріктілер қызметі мен жастардың өзін-өзі басқару саласы да дамып келеді. Мәселен, 2015 жылы жүзеге асырылған «Жастар арасындағы еріктілер қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру және үйлестіру» мақсатында аудан бойынша ерікті жастар дайындалып, нәтижесінде биылғы жылдың өзінде елеулі ауыз толтырып айтарықтай аудандық деңгейде «Асар», «Қайырымдылық», «Тазалық», «Жүректен жүрекке» сияқты барлығы 63 акция ұйымдастырылды.

Президент өз сөзінде волонтерлікпен айналысатын студенттердің стипендиясын 30% - ға көтеруді тапсырды. Бұл жұмыстарға волонтерларды жұмылдыру қажет. Осыған орай ауданда 200-ге жуық ерікті жас бар. Олардың басын біріктіріп, жүйелеп, тиімді жұмыс жүргізіп, «Жолгерлік» топтар құру қажет. Бұл біздің белсенді жастарымыз үшін үлкен серпіліс болады. Сондықтан аудандық жастар ресурстық орталығы мен Ойыл аграрлық колледжі бірлесіп бұл тапсырманы бақылуға алып, оларды толық қамқорлыққа алу қажет.

Спорт және мәдениет саласы. Адами капиталды сапалы дамытудың бір бағыты – дені сау ұрпақ

тәрбиелеу. Өткен жылы «Туған жерге тағзым» акциясы аясында аудан орталығында бірнеше орында «Воркаут-тар» салынды.

Қарай ауылдық округінде құны 8 млн. теңгеге жасанды жамылғылы шағын футбол алаңы жасакталды. Бұдан бөлек білім беру ұйымдарында 8 жерге мектеп жанынан хоккей корттары жасакталды.

Бұл спорт алаңдарының салынуы жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыраы анық.

Биыл аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу мақсатында облыстық бюджеттен қаражат жобалау сметалық құжаттарын дайындауға 6,0 млн. теңге бөлінді. Ендігі мәселе – салынған спорт нысандары жастардың игілігіне жарау қажет.

Спорт саласында биылғы жылы жастарға арналған келетеген іс – шаралар өткізілді. Атап айтсақ, был Санкт Петербург қаласында өткен қоян-қолтық ұрыстан өлем чемпионы атанған өзіміздің жерлесіміз, спортшы жас Ұлан Мұқашевпен жастар арасында кездеу ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Жастар жылына» орай Көптоғай ауылдық округінде жастар арасында аудандық спартакиада өткізіліп, оған 300-ге жуық жас спортшылар қатысты. 2019 жылы жастар арасында ұлттық спортты дамыту мақсатында ер мереке сайын «Көкпар», «Теңге алу», «Аударыспаск» сынды жарыстар жиі ұйымдастырылып отырады.

Мәдениет саласы:

Мәдениет саласында биылғы жылы жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Соның ішіндегі маңызды іс шараларының бірі 2019 жыл – Жастар жылы аясында ауданымызға «Жау жүрек мың бала» филмілі мен «Сұңқар» телехикаясында басты рөлді сомдаған Қазақстан Республикасының театр және кино актері, «Серпер» сыйлығының иегері жерлесіміз Асылхан Төлеповпен кездесу ұйымдастырылды.

2019 жылы Көптоғай ауылдық округінің моделді ауылдық кітапханасында Коворкинг орталығы ашылды. Осының барлығы жастардың мәдени – рухани дамуына жол ашады деп санаймыз. Осының барлығы жастардың мәдени – рухани дамуына жол ашады деп санаймыз. Сондықтан мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ханандық өлемдегі мәдениетке сай келетін жаңа талапты жастарды анықтау, тәрбиелеуді қолға алу қажет.

2019 жылдың І жарты жылдығында барлығы 120 шара өткізіліп, оған 7458 жас қатысты.

Сонымен қатар, Биылғы жылы орталық тарапынан айтулы бірқатар маңызды іс – шаралар өткізіліп, аудан жастары белсенді қатысқан болатын.

Атап айтсақ: 2019 жыл – Жастар жылына орай барлық ауылдық округтерде «Жастар - болашаққа жол бастар!» атты жастар күні өткізіліп, қорытындысы аудан орталығында 9 тамыз күні ұйымдастырылды. Шараға облыстық жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Ардақ Бекниязова, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданының, Атырау облысы Қызылқоға ауданының және Байғанин, Темір аудандарының жастары қатынасты.

Мейрамбек МУЗАМЕЛҰЛЫ, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін уақытша атқарушы.